

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

**ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ
Л.Н.ГУМИЛЕВА**

L.N.GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

Журналистика және саясаттану факультеті

Телерадио және қоғаммен байланыс кафедрасы

**«ҚАЗАҚ СПОРТ ЖУРНАЛИСТИКАСЫ: КЕШЕ, БҮГІН,
ЕРТЕҢ»**

халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

2018 жылғы 14 желтоқсан

МАТЕРИАЛЫ

международной научно-практической конференции

**«КАЗАХСКАЯ СПОРТИВНАЯ ЖУРНАЛИСТИКА: ВЧЕРА,
СЕГОДНЯ, ЗАВТРА»**

14 декабря 2018 года

MATERIALS

of International scientific and practical conference

**KAZAKH SPORT JOURNALISM: YESTERDAY, TODAY AND
TOMORROW**

Астана 2019

ӘОЖ 070 (063)

КБЖ 76.01

Қ 17

Жауапты редактор: PhD доцент И.С.Рыстина

Құрастырушылар: Аға оқытушы Д.Дүйсебай, , оқытушы

А.Қалдыбекова, оқытушы Ш.Шәкенова

Қазақ спорт журналистикасы: кеше, бүгін, ертең. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. 2018 жылғы 14 желтоқсан /құраст.: Д.Дүйсебай, А.Қалдыбекова, Ш.Шәкенова – Астана: Л.Н.Гумилев атын. ЕҰУ, 2019. - 187 б.

Жинаққа «Қазақ спорт журналистикасы: кеше, бүгін, ертең» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары - Қазақ спорт журналистикасының даму кезеңдері, интернеттегі спорт тақырыбы, спорттағы PR, қоғаммен байланыстың өзекті мәселелері туралы мақалалар енгізілді. Ғылыми жинақта жарық көрген материалдар БАҚ қызметкерлері мен ғалым-зерттеушілерге, PR-мамандарына, журналистерге, оқытушылар мен студенттерге, сондай-ақ көпшілік оқырманға арналған.

ӘОЖ 070 (063)

КБЖ 76.01

© Л.Н.Гумилев атын. ЕҰУ, 2019

ISBN978-601-337-114-6

Қазақ спорт журналистикасы: кеше, бүгін, ертең

Мазмұны

ДҮЙСЕБАЙ Дүрәлі ҚАЗАҚ СПОРТ ЖУРНАЛИСТИКАСЫНЫҢ ТҮБІ ӘРІДЕ ЖАТЫР	4
РЫСБЕК Қыдырбек ҚАЗІРГІ ЖУРНАЛИСТЕРДІҢ СӨЗ САПТАУЫ ЖӘНЕ ІЗДЕНІСІ ТУРАЛЫ.....	9
АХМЕТОВ Марат СПОРТ САЛАСЫН НАСИХАТТАУҒА МЕМЛЕКЕТТІК КӨЗҚАРАС.....	12
САСАЕВ Нұрғазы ИНТЕРНЕТТЕГІ СПОРТ ЖУРНАЛИСТИКАСЫНЫҢ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	14
ҚАЙРАТҰЛЫ Б. ҰЛТТЫҚ СПОРТ ТҮРЛЕРІНІҢ ТАРИХИ-РУХАНИ МАҢЫЗЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ҚҰНДЫЛЫҒЫ	16
ТАЙЖАН Бақтияр СПОРТТАҒЫ КӘСІПҚОЙЛЫҚ ЖУРНАЛИСТКЕ ДЕ КЕРЕК	27
ПЯТИБРАТОВ Анатолий В РАНГЕ МЕЖДУНАРОДНОГО СТАТУСА.....	30
ЫСҚАҚ Динара ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ СПОРТ ЖУРНАЛИСТИКАСЫНДАҒЫ PR.....	34
ҚАЛДЫБЕКОВА Айдана Жарқынбекқызы СПОРТИВНАЯ ЖУРНАЛИСТИКА В СОЦИАЛЬНЫХ СЕТЯХ	39
ЗУРАШЕВ Мереке «SPORT» («ҚАЗАҚ СПОРТЫ») ГАЗЕТІНДЕГІ ЖАНРЛЫҚ БОЛМЫС	44
СҰЛТАНБЕК Назерке ҚАЗАҚСТАН БАРЫСЫ" ЖОБАСЫНЫҢ СПОРТ ТАҚЫРЫБЫН НАСИХАТТАУҒА ЖӘНЕ ЕЛ ИМИДЖІН ШЕТЕЛДЕ ТАНЫТУҒА ЫҚПАЛЫ	49
ИМАНҒАЛИЕВ Бауыржан Сәбитұлы, ҚОЖАХМЕТОВА Айдана Маратқызы АДАМНЫҢ ТҰЛҒА БОЛЫП ҚАЛЫПТАСУЫНА ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНІҢ ӘСЕРІ	53
МҰРАТ Айгерим СПОРТИВНЫЙ ИМИДЖ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН НА МЕЖДУНАРОДНОЙ АРЕНЕ	56
СЫБАНБАЙ Сәкен ҰСТАЗ БЕН ШӘКІРТ ӨНЕГЕСІ.....	59

Қазақ спорт журналистикасы: кеше, бүгін, ертең

СЫБАНБАЙ Сәкен МИКРОФОН АЛДЫНДАҒЫ ОЙЫНШЫ.....	65
ҚОЖАХМЕТОВА Айдана Маратовна СПОРТТЫҢ ТҮЛҒАЛЫҚ ДАМУЫНА ӘСЕРІ.....	67
БОЛАТОВА Гүлжауһар Жамбылқызы, АМАНЖОЛОВ Бекарыстан Нұрланұлы ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ЭТОНОСАЯСАТ ЖӘНЕ БАҚ: ТАРИХЫ, ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢІ.....	70
ТҰРЖАН Оңайгүл, ЕГЕМБЕРДИЕВ Исках ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕГІ АҚПАРАТТЫҢ ЖӘНЕ ЦИФРЛЫ МАРКЕТИНГТІҢ ТУРИЗМДІ ДАМУЫҒА ЫҚПАЛЫ.....	75
ИМАНГАЛИЕВ Бауыржан, ТОКЕНОВА Диана ПСИХОЛОГИЯ БРЕНДИНГА И ЕГО ВЛИЯНИЕ НА ПОТРЕБИТЕЛЯ.....	82
МУХАМБЕТОВА В. К. ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ЗАДАЧИ ДОКУМЕНТАЛЬНОЙ ЖУРНАЛИСТИКИ.....	86
ШӘКЕНОВА Шынар ДАҒДАРЫС ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚҰЗЫРЛЫ МЕКЕМЕЛЕРДІҢ КРИЗИСТІК КОММУНИКАЦИЯСЫ.....	89
ЖІГЕРҚЫЗЫ Нұршырақ, АЛГАЛИЕВА Гүлназым Сакенқызы ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ ДАМУЫ МЕН ҚАЛЫПТАСУЫ.....	92
КУДАЙБЕРГЕНОВА А.С. ТИПОЛОГИЯ АНАЛИЗ PR-ТЕКСТОВ В КАЗАХСТАНСКИХ ОНЛАЙН-СМИ: НАТИВНАЯ РЕКЛАМА.....	97
ДИДИГОВА Мадина Магомедовна ПРОБЛЕМЫ ПРАВОВОЙ ЗАЩИТЫ ЖУРНАЛИСТОВ И ЗАЩИТА ИНФОРМАЦИОННОЙ БЕЗОПАСНОСТИ (СОПОСТАВИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ).....	102
АЛЬКЕЕВА А.К РОЛЬ ИНТЕРНЕТ-ТЕХНОЛОГИЙ В ПРОДВИЖЕНИИ НЕКОММЕРЧЕСКИХ ОРГАНИЗАЦИЙ.....	104
ДАНИЛОВ Александр Сергеевич ПРОЦЕСС ПЕРЕФОРМАТИРОВАНИЯ ГОСУДАРСТВЕННЫХ КОММУНИКАЦИЙ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН.....	108
АЯГАНОВА Асель Агыбаевна РАЗВИТИЕ ПОЛИТИЧЕСКИХ СВЯЗЕЙ С ОБЩЕСТВЕННОСТЬЮ В КАЗАХСТАНЕ ПОСРЕДСТВОМ СОЦИАЛЬНЫХ СЕТЕЙ.....	112
ИМАНГАЛИЕВА Маржан Әбдірәсілқызы КОМПАНИЯДАҒЫ ҚАРЖЫ МЕНЕДЖМЕНТІН ЖЕТІЛДІРУ АСПЕКТІЛЕРІ.....	116

Қазақ спорт журналистикасы: кеше, бүгін, ертең

МОЛДАБАЕВ Хасен Советханұлы МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕДЕГІ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ ОНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ	121
ЖІГЕРҚЫЗЫ Нұршырақ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНДАҒЫ ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ ПУБЛИЦИСТИКАСЫ	129
ҚАЖДАР Іңкәр Асқарқызы ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК МЕДИА-КОНТЕНТТЕРДІ САЛЫСТЫРУ	132
АЙТҚАЗЫ ҚЫЗЫ-ТУРЛЫХАНОВА М. БІЛІМ САЛАСЫНЫҢ ДАМУЫНДАҒЫ PR-ДЫҢ ОРНЫ	137
ЕРТАЙ Сағыныш Нұртайқызы ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ЖАҢА МЕДИАЛАР	142
БАБАЖАНОВА Дина Маратовна «МЯГКАЯ СИЛА» КАК ФАКТОР ФОРМИРОВАНИЯ СТРАНОВОГО ИМИДЖА КАЗАХСТАНА.....	145
КЕНЖЕБАЕВА Назым Қайратқызы АҚПАРАТ ТАРАТУДЫҢ МЕДИА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕРІ.....	149
ИМАНГАЛИЕВ Бауыржан, МЕДЕТТЕГИ Асель PR В НЕФТЕГАЗОВОЙ ОТРАСЛИ.....	154
ШАКАРМАН Дана Қазбекқызы ҚОҒАМДЫ ЦИФРЛЫҚ ТҮРЛЕНДІРУ — ЗАМАН ТАЛАБЫ.....	158
АҚЫНОВА Аружан Алибиқызы НЕЙРОМАРКЕТИНГ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДА ДАМУЫ	162
МҰРАТ Самал КОМПАНИЯ СТРАТЕГИЯСЫН ТАҢДАУ ЖОЛДАРЫ	167
НУРТУГАН Сәтжол ҰЙЫМДАРДЫҢ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ	169
ЕРТАЙ Сағыныш Нұртайқызы «СӨЗ ҚҰРАҒАН» ҚАЗАҚТЫҢ МАТЕМАТИГІ	172
МЕКЕБАЕВА Мадина Булатовна КАК DIGITAL-МАРКЕТИНГ И PR ВЛИЯЮТ НА РАЗВИТИЕ FASHION-БИЗНЕСА?	176
КАЙКЕНОВА Мархаба PR КОММУНИКАЦИЯ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ	180
АДАЙХАНОВА Ұлмекен МАНИПУЛЯЦИЯҒА ҚАНШАЛЫҚТЫ ЖИІ ҰШЫРАЙСЫЗ?.....	182

3. Линда Путнам және Анна Мэйден Никотера, «Ұйымның теориясын құру: коммуникацияның құрылымдық рөлі», Роутледж, Нью-Йорк, 2009.

«СӨЗ ҚҰРАҒАН» ҚАЗАҚТЫҢ МАТЕМАТИГІ

ЕРТАЙ Сағыныш Нұртайқызы

*Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Журналистика және саясаттану факультеті,
«Журналистика» мамандығының 1-курс магистранты*

Мақалада қазақтың белгілі математигі Асқар Жұмаділдаевтың ғылыми бағыты мен еңбегі, қоғамдық мәселелер төңірегінде білдірген озық ой-пікірлері қарастырылып, тұлға ретінде жаңаша қырлары талқыланады.

Түйін сөздер: математик, алгебра, қайраткер, ұлттық рух, технократтық ел, қазақы сапа, поэзия.

Қазақ даласы талай дарынды дүниеге әкелген қасиетті мекен. Мұнда халқы үшін қасық қаны қалғанша күрескен батыр да, өткір тілімен, асқан кеменгерлігімен даудың басын қайырған шешен де, жүрек түкпіріндегі сезімін көркем жеткізе білген ақын да жетерлік. Есімін атап, ұлықтайтын болсақ, лайықты тұлғалардың санына жете алмасымыз анық.

«Өзіңе ұнаған кәсібіңмен шұғылдансаң, өз ұлтыңның туын көкке көтере алсаң, бақыт деген – осы!» [1]. Бұл – біз сөз еткелі отырған қазақтан шыққан тағы бір үлгілі тұлғаның өмірлік ұстанымы. Кез келген адамның тісі бата бермейтін нақты ғылым саласында биік асуды бағындырған Асқар Жұмаділдаевты танымайтын, онымен мақтанбайтын қазақ кемде-кем болар. Ол тіс қаққан талай ғалымдармен қатар тұрып, бұл салада өзінің үздік екендігін дәлелдеп, қазақ жұртын күллі әлемге танытты.

Академик 1972 жылы атақты Мәскеу мемлекеттік университетінің механика-математика факультетіне оқуға түсті. Ғалым 1981 жылы кандидаттық диссертациясын, ал 1988 жылы А.И.Кострикиннің жетекшілігімен «Оң характеристикалы Ли алгебраларының когомологиялары және оның қолданылулары» тақырыбында докторлық диссертациясын қорғап, 32 жасында «ең жас ғалым» атанды.

Жалпы, математика басқа ғылымдар секілді түрлі салаларға жіктеледі. Асқар Жұмаділдаев қиындығымен қоса қызығы жетерлік алгебра саласын таңдаған. Басқаша айтқанда, Асқар Серқұлұлы – алгебраист.

Ғалым үшін алгебраның шыңы – арабтан шыққан тұңғыш математик Әл-Хорезми. Оның IX ғасырда жазған «Әл-джабр уал мукаббала» атты кітабы өркениет дамуына септігін тигізген құнды еңбектердің бірі. «Әл-джабр» сөзі арабша «сынықшы» деген мағынаны білдіреді. Яғни, қалыпқа

Қазақ спорт журналистикасы: кеше, бүгін, ертең

келтіру, түзету, толықтыру мәнінде қолданылады. Ал «мукаббала» деген «біріктіру» деп аударылады. Демек, алгебраның негізінде керемет идея жатыр: қисайған нәрсені түзету, бұзылғанды орнына келтіру және топтастыру. Әл-Хорезми күллі адамзат күні бүгінге дейін қолданып келе жатқан ережелерді, алгоритмді жасақтады. Бір қарағанда, тым қарапайым болғанымен, ең күрделі деген түйіндерді шешуге, жеңілдетуге негіз болады. Тіпті, бүгінгі компьютер мен барлық технологиялардың өзі алгоритмдерден құралған.

Ұлттық Ғылым Академиясының академиктері Тынысбек Қалменов пен Бектұр Байжанов: «Төрткен және Төртқара алгебралары көптеген мәселелерді туындатады. Асқар осындай алгебралардың бір мысалын ғана ойлап тапты» [2], - деп, Асқар Серкұлұлының ғылымдағы бағындырған шыңын бағалап, «Әл джабр» өнерінің хас шеберіне айналғанын айтады. Ол алгебраның жаңа бағыттарын ойлап тауып, бірқатар жаңалық ашқанын білеміз. Солардың ішіндегі тарихы қызық, атауынан қазақы болмыстың иісі аңқып тұрған еңбектің бірі осы – «Төрткен-Төртқара алгебрасы».

Асқар Жұмаділдаев өзіндік ойын айқын білдіріп жүрген, қоғамдағы толғағы жеткен мәселелерді қозғап, шешу жолдарын алға тартатын қайраткер десек, қателескеніміз емес. Ол елімізде орын алып жатқан оқиғаларға қатысты азаматтық пікірін ашық айтатын белсенді азамат. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында математиктің ел басқару ісіне қатысқаны жайында көбісі біле бермес. Ғалым Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 12-ші (1991-1993) және 13-ші (1993-1995) шақырылымдарының депутаты болды. Математик 12-ші шақырылған Жоғарғы Кеңестің Есеп комитетінің төрағасы қызметін атқарды. Әлбетте, ол кезеңде егемендігін енді ғана алған мемлекет үшін жаңа технологиялар ертегі секілді көрінетін. Тіпті, сайлау барысындағы дауыс беру нәтижелері де қолмен есептелген. Асқар Жұмаділдаевтың осы тұстағы еңбегі орасан. Оның Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің жалақысын есептегенін де айта кеткен жөн. Депутат Қазақстан Тәуелсіздігі Декларациясы мен Заңын, Қазақстанның тұңғыш Конституциясын, тұңғыш мемлекеттік рәміздерді қабылдаған халық қалаулыларының бірі.

Постиндустриалды қоғам орнаған заманда техникасы дамыған елдің ғана болашағы жарқын болмақ. Осы турасында, ғалым білім мен ғылымның шын жанашыры ретінде баршаға ой салар пікірін білдірді: «Әр ұлттың мақсаты өзінің әдет-ғұрпын, өзінің үрдісін заман талабына ұштастыра білу. Мен мұны былай деп айтамын: Қазақ ел болып қалу үшін технократтық елге айналу керек. Технократтық елге айналмай қазақ ел болмайды. «Ұлттық намыс, ұлттық рух» деген сөзді қазақ көп айтады. Мұның барлығы технократтық реформа болмай, бос сөз болып қалады. Рух деген не өзі? Рухыңыз ұйықтамай, мүлгімей, сергек жүру үшін оның артында бір тірек болу керек. Бұл тірек технократтық. Яғни, қазақты өзгелерге мойындататын өзінің жасайтын бірдеңесі болу керек. Қазақ деген ақылды халық. Мінекей, жасаған заттарын қараңыз дегізетіндей» [3],

Қазақ спорт журналистикасы: кеше, бүгін, ертең

- дейді. Өз мақаласында ол дамыған елдерден үлгі алуымыз керектігін алға тартады. Жапондықтардың үлгісі, олардың ұстанымдары біз үшін ең оңтайлы әдіс екенін ғалым бұған дейін де үнемі еске салып келген еді.

«Мысалға, жапондық сапа дейтін ұғым бар. Ол не? «Тойотаны» айтайық. Оны жұрттың барлығы алады. «Сониді» айтайық. Оған деген сұраныс сұмдық. Жапон компьютер жасаса, бүге-шігесіне дейін керемет қылып, түбін түсіре жасап шығады. Сондықтан, жапондық өнімге жұрттың барлығы басын иеді. Тағы бір мысал. Жапонның жазушысы мықты дейді. Мураками дейтін қаламгер бар оларда. Қазақта Дулат Исабеков дейтін жазушы бар. Салыстыра түссек Дулат ағамыздың таланты Муракамидің талантынан асып түспесе, еш кем емес. Бірақ, жұрттың барлығы Муракамиді біледі, Дулат ағамызды қазақтан өзге ешкім білмейді. Неге олай?» [3], - дей келе, ұлт кемеңгері Абайды негізге алады. «Бұл жерде тағы да Абайға оралуымыз керек. Шәкәрім қажы «Ибраһим мырза хәкім еді. Данышпан еді. Өттең тұрған жері қазақтың іші болғандықтан ұлылығы көрінбеді, қадірі азырақ білінді» [3], - деген тұжырым жасайды. Егер еліміз күллі әлемді таңқалдыратын дүние ойлап тауып, озық идеяларды ұсынатын болса, «қазақ ісі, қазақы сапа» деген ұғымның пайда болатынын айтады. Ғалым технократтық болмасақ та құрып кетпейміз, алайда әлемге тек шикізат көзі мен сол өнімнің пайдаланушысы ғана болып, өзгенің жетегінде жүре беретінімізді ашық жеткізді.

«Әркімнің менталитеті, сана-сезімі, әдет-ғұрпы бөлек болады. Анаған-мынаған далақтай берудің де қажеті жоқ. Абайдың сөзі бар тағы да. «Ақсақал айтты, бай айтты. Кім болса мейлі, сол айтты. Ақылменен жеңсеңіз» дейді. Мінекей, біз осы сөзді ұмытпауға тиіспіз. Сіз өзіңіздің әніңізді, күйіңізді сақтаңыз. Сіз жеті атаңызды білу дәстүрін дәріптеңіз. Осының барлығын сақтай отыра, жаңа заманға бейімделіп, технократтық елге айналыңыз. Сонда ғана қазақтың болашағы болады» [3], - деп ойын қорытындылайды. Белгілі журналист Нұртөре Жүсіп: «Қазақ баласының намысын қайрайтын, рухын жанитын сөз керек. Қашан да ойы озық академик Асқар Жұмаділдаев дәл осы мақалаға қатысы болмаса да, тосын пікір білдіріпті» [4] - деп математиктің ойы 30 дамыған елдің қатарына қосылу деген мақсатқа толық сай келетінін әрі Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласына тікелей қолдау бола алатынын айтады.

Әрбір тұлғаның өзіндік болмысы мен дарыны, өзіне тән қарым-қабілеттері болады. Сол қабілеттерін тоғыстырып, дамытатын болса, жетістікке анық жетуге болатынына көзіміз жетіп келеді. Алайда, математика мен әдебиеттің бір адам бойынан табылуы сирек жағдай. Асқар Жұмаділдаев бала кезінде журалист болуды армандаған. Алайда, тағдырдың жазуы мүлде басқа арнаға алып келгенмен, ол сөз өнерінен мүлде қол үзіп қалған жоқ.

«Біраз жұрт өз мамандығының төңірегін шиырлап жүрсе, Асқар математика әлемінен ұзағанда, қазақ өнері мен әдебиетіне ойысып кетеді. Тап осы саланы зерттеп жүрген мамандай тың да тосын ойларды

Қазақ спорт журналистикасы: кеше, бүгін, ертең

тоғытқанда адам қабілетінің шексіздігіне қайран қаласын» [5], - дейді жазушы, журналист Сүлеймен Мәмет. Расында, математик әр сөзін Абайдың ойымен сабақтастырып отырады. Қазақтың бас ақынының мұрасын өмірлік азық еткен ғалым да «ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста» деп ұрандайды.

Асқар Жұмаділдаев математиканы поэзиямен ұштастырған ерекше тұлға. «Адам математик болу үшін ақын болу керек» [6] дейді ол. Жанындағы сан түрлі сезімін өлеңмен өрнектей білетін Асқар Серкұлұлының өлең жазу қабілеті қарымды ақындардікінен кем түспейді.

Сөз құраған қазақтың бірі болам,
Бала-шаға қамын жеген тірі болам.
Алла жалғыз, Абай жалғыз, күмәнім жоқ,
Әл-Хорезми жолын қуған ірі болам.
Өлең жазу заңын бұзмас ешбір құқтың,
Әл-джебрді ұға алмайды кейбір мықтың.
Ақылды тірлік қылсаң, бір-ақ нәрсе
Абай сөзін үстірт емес, дәлдеп ұқтым [6], – десе, енді бір өлеңінде:
Балық үшін таяз судан терең жақсы,
Ақын үшін қара сөзден өлең жақсы.
Мен үшін синусты косинуспен қуалатып,
Интегралмен есептейтін көлем жақсы [6], – деп ойын сабақтайды.

Елден жырақта жүргенде ғалым туған жерді, отбасын сағынып, жиі қолға қалам алатынын айтады. Сол сағыныштың әсерінен ешбір нотаны меңгермеген ол математикалық қабілетінің арқасында бірқатар күйді үйреніп алған.

Косинус синустардан сәлем сұрар.
Синустың шекесінде сәлем тұрар.
Осылай домбырамен кездескенде,

Синустар Тәттімбетке сәлем қылар [7], – деген жолдар Асқар Жұмаділдаевтың математиканы поэзиямен, өнермен шебер байланыстыра білетінін айғақтап тұр. «Мәскеудегі домбыра» деп аталатын бұл өлеңде «синус, косинус» атты ерекше функциялардың гармоникалық тербеліс, яғни толқын екенін қарапайым халыққа жеткізгісі келгенін байқауға болады. Ғылыми тұрғыдан алғанда, дыбыстың толқындар арқылы таралатыны белгілі. Демек, математиктің осы әдісін алдағы уақытта тиімді пайдалануға әбден болатынын айтқымыз келеді.

Тұшымды ойлар, нақты фактілер мен мысалдарға негізделген жауаптар, өткірлік пен боямасыз шынайылық. Бұл – нақты ғылым саласының білікті маманы Асқар Жұмаділдаевтың өзіндік болмысы.

Әдебиеттер:

1. https://massaget.kz/mangilik_el/tup_tamyir/asyil_soz?&page=9

Қазақ спорт журналистикасы: кеше, бүгін, ертең

2. Қалменов Т., Байжанов Б. Алгебрадағы Асқар асуы: // Егемен Қазақстан.- 2016.- 24 ақпан (№ 36).- 14 б.
3. Жұмаділдаев А. Технократтық елге айналмай, қазақ ел болмайды: // **Abai.kz.- 2018.- 27 қараша**
4. Жүсіп Н. Ұлтты дәріптеу – ұлағатты іс: // Айқын.- 2018.- 27 қараша (№180).- 1 б.
5. Мәмет С. Асқар десе Асқар: // Егемен Қазақстан.- 2003.- 13 тамыз (№ 204).- 4 б.
6. <https://www.youtube.com/watch?v=RDeWpQh2t9c>
7. https://www.youtube.com/watch?v=dx-ECX_uW0I

КАК DIGITAL-МАРКЕТИНГ И PR ВЛИЯЮТ НА РАЗВИТИЕ FASHION-БИЗНЕСА?

МЕКЕБАЕВА Мадина Булатовна

Евразийский Национальный Университет им. Л.Н.Гумилева, Факультет Журналистики и Политологии, Кафедра телерадио и связей с общественностью

Стремление красиво одеваться было во все времена, но мода как индустрия - это уникальное явление нашего столетия, где все зависит от восприятия новых трендов и от того, что на данный момент «в стиле». Вещь, которая в течение одного месяца была популярна, на следующий уже станет анти-трендом. Видеть предстоящие тенденции и всегда оставаться актуальными-это главная задача всех домов моды. Они должны анализировать, как те или иные новинки влияют на клиента, стимулировать его на приобретение товара, тем самым создавая спрос на продукцию. Сегодня, как и любой другой бизнес, модные бренды ответственны за создание шумихи вокруг своего имени и продвижение линии.

Когда конкуренция слишком высока, является ли Public Relations – идеальным инструментом для продвижения fashion-бизнеса и достижения успеха? Или же стоит фокусировать свои усилия только на маркетинге? Короткий ответ: важно и то и другое.

Огромное количество модных брендов уверены, что необходимо сосредоточиться лишь на одном канале продвижения. Но здесь важно понять одну закономерность: (особенно в индустрии моды) маркетинг и общественные отношения лучше всего работают при взаимодействии друг с другом. Считайте, что вам повезло, если вы являетесь частью **компаний, которая может использовать несколько мощных стратегий роста одновременно.**

По мере того как потребительское ожидание и уровень образования изменились, модные бренды стали (и продолжают быть) более образованными в маркетинговых стремлениях, используя социальные сети,